

Зайсан ауданының Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты Қарабұлақ ауылына шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 маусымдағы № 1659 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 05 тамыздағы № 3022 болып тіркелді. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 147 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 16.09.2013 № 147 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасын, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 43 ұсынысы негізінде, Зайсан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зайсан ауданының Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты Қарабұлақ ауылында ұсақ мүйізді малдар арасынан сарып ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағына ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Зайсан аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысына (С.З. Қожекенов келісім бойынша), сонымен қатар «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Зайсан ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына (А. Комчибаева келісім бойынша) тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Зайсан ауданы әкімінің орынбасары Д. Тожыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

А у д а н ә к і м і н і ң
міндетін атқарушы Н. Қараталов
Келісілді:

«Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылық министрлігі ветеринарлық
бақылау және қадағалау комитетінің
Зайсан аудандық аумақтық инспекциясы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы С. Қожекенов
2013 жылғы 28 маусым

«Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің Шығыс
Қазақстан облысы бойынша
департаментінің Зайсан ауданы
бойынша мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы А. Комчибаева
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 8 м а у с ы м